damu.kz    damu.fund    @funddamu    @funddamu

# DAMU
## ДАЙДЖЕСТ

Июль 2020




**ИСТОРИЯ УСПЕХА**

# ЖАС КЕЛСЕ - ІСКЕ!

**КАКИЕ ПРОГРАММЫ ФОНДА «ДАМУ» ПОМОГУТ МАЛОМУ И СРЕДНЕМУ БИЗНЕСУ ПОСЛЕ КРИЗИСА**

damu.kz








**Нұрғазиев Ғалым Нұрғазиұлы**

**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма төрайымының орынбасары**

Қымбатты достар!

Назарларыңызға «Даму Дайджест» журналының 2020 жылдың екінші тоқсанын қорытындылаған санын ұсынып отырмыз. Журнал «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ тыныс-тіршілігінен хабар беріп, еліміздегі шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік бағдарламалар аясында қолдау құралдарымен таныстырады. Дәстүрлі «Табыстылар тарихы» айдарында Маңғыстаудағы аммиак пен аммиак селитрасын өндіріп, экспорттайтын отандық компания - ҚазАзот жайлы мағлұмат береміз. Осы айдармен берілген екінші материал Шымкенттегі Еуропа технологиясымен шыны ыдыстар шығаратын зауытқа арналған.

Қордың Қызылорда аймақтық филиалының менеджері Ғалия Қойбағарова дайындаған авторлық сторителлинг Қызылорда қаласының тыныс тіршілігінен хабар береді. Сондай-ақ «Даму-Дайджест» тілшілерінің табысты кәсіпкерлерден алған сұқбатымен, Қорда байырдан қызмет етіп келе жатқан мамандарды таныстыру мақсатындағы «Біз Дамуданбыз» айдарымен, тағы басқа да көптеген пайдалы мәліметтермен танысбола аласыздар.

**DAMU Дайджест электронды журналы №2 (8) 2020**

2019 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде шығады.

Бас редактор
**Ғалым Нұрғазиев**

Редактор
**Зәуре Зақанқызы**

Жобаға қатысқандар:
**Мурат Бапаев**
**Асель Камалиденова**
**Жалғас Бекпаев**
**Гаухар Нокербекова**
**Баян Садыкова**
**Сабыржан Исақов**
**Досхан Сәттібаев**
**Ғалия Қойбағарова**

Дизайн мен беттеу
**Абзал Қуандық**

Фотосуреттер
**ЖШС/ЖК иелеріне тиесілі**

**Меншік иесі:**

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Мекенжай: РК, Алматы қ, A05C9Y3. Гоголь көш, 111, Наурызбай батыр көш. қиылысы
E-mail: info@fund.kz
Call-орталық (тегін) 1408
Тел: +7 72 72 44 55 66

# КАКИЕ ПРОГРАММЫ ФОНДА «ДАМУ» ПОМОГУТ МАЛОМУ И СРЕДНЕМУ БИЗНЕСУ ПОСЛЕ КРИЗИСА

## В ПЕРИОД ДЕЙСТВИЯ РЕЖИМА ЧП ПО ИНСТРУМЕНТУ СУБСИДИРОВАНИЯ ФОНДОМ ПОДДЕРЖАНО 348 НОВЫХ ПРОЕКТОВ НА СУММУ КРЕДИТОВ В 72,4 МЛРД ТЕНГЕ.

**Сегодня в Казахстане создаются все условия для успешного развития предпринимательства. В свете карантина, после которого малый и средний бизнес возобновляют свою деятельность, госпрограммы по поддержке МСБ как никогда актуальны, сообщает zakon.kz.**

В этой статье мы расскажем о программах и инструментах поддержки предпринимателей, которыми можно воспользоваться прямо сейчас.

> *Уже более 20 лет Фонд активно продвигает на рынок инструменты государственной поддержки предпринимательства путем реализации государственных и собственных программ поддержки малого и среднего бизнеса, которые способствуют укреплению отечественного товаропроизводителя, сохранению действующих и созданию новых постоянных рабочих мест. Финансирование МСБ в рамках госпрограмм и собственных программ Фонда осуществляется на льготных условиях, по низкой ставке вознаграждения, на длительные сроки, субсидируются кредиты предпринимателей и предоставляются гарантии для кредитования предпринимателей при нехватке залогового обеспечения, - рассказал заместитель Председателя Правления Фонда «Даму» Фархат Сарсекеев.*

**Субсидирование предпринимателей осуществляется по четырем программам:**

- **«Дорожная карта бизнеса 2025»** (субсидируется кредиты до 7 млрд тенге под 6% с учетом субсидирования, на срок до 5 лет, без ограничений на финансирование по видам деятельности, кроме торговли);
- **«Экономика простых вещей»** (сумма кредита не ограничена, ставка 6% с учетом субсидирования, срок до 10 лет, субсидируются проекты согласно перечня товаров для кредитования приоритетных проектов);
- **Программа жилищного строительства «Нұрлы Жер»** (субсидирование кредитов частных застройщиков, сумма кредита, не ограничена, размер субсидирования составляет 7%, срок до 3 лет);
- **Программа поддержки энегосервисных инициатив «Устойчивые города для низкоуглеродного развития»** (субсидирование по кредитам предпринимателей, имеющих опыт работы в области энергосбережения и реализации энергоэффективных проектов. Сумма кредита до 350 млн тенге, срок субсидирования до 6 лет, размер субсидий либо 10% от ставки вознаграждения, либо до 40% от суммы основного кредита).

С 2010 года Фондом «Даму» в рамках программы «Дорожная карта бизнеса 2020" было запущено гарантирование кредитов субъектов частного предпринимательства. Гарантирование – является инструментом финансовой поддержки предпринимателей и используется для расширения и обеспечения доступа к кредитам при недостатке собственного залогового обеспечения.



**Гарантирование кредитов по программам выглядит так:**

- **«Дорожная карта бизнеса 2025»** (гарантируются кредиты до 1 млрд тенге, размер гарантии от 50% до 85% от суммы кредита, размер и срок гарантии зависит от суммы кредита и вида предпринимателя, без ограничений на финансирование по видам деятельности, кроме торговли);
- **«Экономика простых вещей»** (гарантируются кредиты до 5 млрд тенге, размер гарантии от 30% до 50%, размер и срок гарантии зависит от суммы кредита и вида предпринимательства, гарантируются проекты согласно перечня товаров для кредитования приоритетных проектов);
- **Программа развития продуктивной занятости «Еңбек»** (сумма кредита от 6500 до 8000 МРП в зависимости от региона, гарантия по данным кредитам составит 85%, ставка по кредиту 6%);
- **Программа гарантирования «Даму Оптима»** (гарантия до 85% от суммы кредита, размер и срок гарантии зависит от суммы кредита, вида предпринимательства, сумма кредита до 180 млн тенге, оплата комиссии за гарантию 2,5% от остатка основного долга по кредиту).

По словам заместителя Председателя Правления «Даму» Фархата Сарсекеева, Фонд также является оператором программ льготного кредитования через банки, микрофинансовые организации и лизинговые компании по программам продуктивной занятости «Еңбек», поддержки МСБ в сфере обрабатывающей промышленности из Нацфонда Казахстана, по точечным программам в 17-ти регионах.

> *В период действия режима ЧП по инструменту субсидирования Фондом поддержано **348 новых проектов** на сумму кредитов в **72,4 млрд тенге** и согласовано предоставление реструктуризации по **2250 проектам** на сумму **324 млрд тенге**. По гарантированию поддержано **173 проекта** на сумму кредита 10,2 млрд тенге, сумма предоставленных гарантий составляет **4,3 млрд тенге.** Фондом согласовано предоставление реструктуризации по проектам гарантирования по **2 637 проектам,** на сумму кредитов **80,2 млрд тенге,** сумма гарантий **36,3 млрд тенге.***

Напоминаем, что предприниматели могут направлять свои заявки online через порталы *egov.kz* и *online.damu.kz*, а также получить консультации в режиме online на сайтах *www.damu.kz*, *www.online.damu.kz* или позвонив в единый Call-center 1408 (звонок бесплатный). Можно также связаться напрямую с менеджерами в регионах, контактная информация размещена на сайте и на официальных аккаунтах Фонда в социальных сетях.

**Источник:** https://www.zakon.kz/5023240-kakie-programmy-fonda-damu-pomogut.html





# О ФИНАНСИРОВАНИИ БИЗНЕСА ЧЕРЕЗ ГОСПРОГРАММЫ РАССКАЗАЛИ В АЛМАТЫ

> Какие изменения внесены в государственные программы «Дорожная карта бизнеса-2025» и «Экономика простых вещей», в ходе онлайн-конференции разъяснили директор Палаты предпринимателей города Алматы Нариман Абильшаиков и директор регионального филиала АО Фонд развития предпринимательства «Даму» по городу Алматы Светлана Назарюк.

Важные для бизнеса новшества программы «Экономика простых вещей» представил Нариман Абильшаиков.

Сама программа реализуется согласно Постановлению Правительства РК №820 от 11 декабря 2018 года, для чего было выделено 600 млрд. тенге.

**«В рамках работы Проектного офиса, с учетом мнения бизнес-сообщества, в программу «Экономика простых вещей» были внесены пять пакетов поправок по упрощению механизма условий кредитования и повышения ее привлекательности. По сути, это говорит о том, что данная программа самая универсальная на данный момент», - отметил директор Палаты предпринимателей.**

Он подробно остановился именно на пятом пакете поправок, который был принят 20 апреля текущего года в рамках антикризисных мер Правительством РК:

**«Во-первых,** увеличились объемы финансирования с 600 млрд. тг. до 1 трлн. тг., из них: 200 млрд. тг. выделено на переработку в АПК, 500 млрд. тг. - на производство АПК, 300млрд. тг. - на обрабатывающую промышленность и услуги.

**Во-вторых,** снижена процентная ставка вознаграждения с 8% до 6%.

**В-третьих,** увеличен срок кредитования с 7 до 10 лет.

**В-четвертых,** внесены изменения в порядок финансирования. Ранее на пополнение оборотных средств разрешалось направлять не более 50% в рамках одного проекта предпринимателей. После принятия пятого пакета, данное ограничение не распространяется на финансирование проектов по производству и переработке в агропромышленном комплексе, которое осуществляется за счет собственных средств БВУ и АКК, а также проектов, направленных на проведение весенне-полевых работ по производству в АПК, вне зависимости от источника финансирования кредита. При этом проекты, направленные на проведение весенне-полевых работ по производству в АПК комплексе, финансируются на срок не более 1 года.



**В-пятых,** на участие в программе имеют права предприятия с долей участия государства не более 50% в уставном капитале.

**В-шестых,** произошли изменения в части гарантирования займов через АО «ФРП «Даму», ранее гарантия предоставлялась в размере 50% для займов до 3 млрд. тг., сегодня предоставлена возможность получения гарантии в размере 30% для займов свыше 3 млрд. тг. и до 5 млрд. тг».

По информации Наримана Абильшаикова, в рамках поправок пятого пакета увеличено количество разрешенных видов деятельности с 129 ОКЭД (926 товарных позиций) до 133 ОКЭД (953 товарных позиций), дополнительно право на участие в программе получили четыре ОКЭД (27 товарных позиций). На участие в программе имеют право компании, занимающиеся деятельностью в сфере АПК ОКЭД 0112 «Выращивание риса» (12 товарных позиций).

В пищевой промышленности добавлен ОКЭД 1071 «Производство хлеба; производство свежих мучных кондитерских изделий, тортов и пирожных» (13 товарных позиций) и два ОКЭД обрабатывающей промышленности (25112 «Производство легких металлических конструкций» и 28224 «Производство подъемных кранов (лифтов) (2 товарные позиции).

Вторым спикером онлайн-конференции стала Светлана Назарюк, которая рассказала о мерах государственной поддержки малого и среднего бизнеса в рамках программы «Дорожная карта бизнеса – 2025».

По ее информации, субсидирование в рамках «ДКБ 2025» могут получить субъекты малого, среднего и крупного предпринимательства. Ставка вознаграждения - базовая ставка НБРК + 5%. Целевое назначение – это инвестиции (срок до 5 лет) и пополнение оборотных средств (до 3 лет).

**«Максимальная сумма кредита - до 7 млрд. тенге в рамках второго направления, 750 млн. тенге – в рамках первого направления», - отметила Светлана Назарюк.**

Гарантирование в рамках ГП «ДКБ 2025» предприниматели могут получить до 85 %, при этом, целевое назначение – это инвестиции, пополнение оборотных средств и рефинансирование.

По информации директора филиала АО ФРП «Даму», приоритетными отраслями субъектов крупного предпринимательства являются:

Производство продуктов питания, грузовые перевозки, складское хозяйство и вспомогательный транспорт, туризм, аренда и управление собственной или арендуемой недвижимостью, производства мыла и моющих, чистящих и полирующих средств, производства бумажных изделий хозяйственно-бытового и санитарно-гигиенического назначения.



**Источник:** https://www.dknews.kz/inner-news.php?id_cat=13%20&&%20id=91330

## ФОНД «ДАМУ» ЗА МЕСЯЦ В ПЕРИОД ДЕЙСТВИЯ ЧП ПОДДЕРЖАЛ БОЛЕЕ 3 900 ПРОЕКТОВ



**В связи с введением 16 марта 2020 года чрезвычайного положения в Казахстане из-за неблагоприятной обстановки, связанной с распространением коронавируса COVID-19, Правительством РК были приняты антикризисные меры для поддержки предпринимателей.**

**Фонд «Даму» для реализации антикризисных мер по состоянию на 15 апреля уже проделал значительный объем работы:**

- По гарантированию Фонд поддержал **111 проектов** на сумму кредита **4,28 млрд. тенге,** сумма предоставленных гарантий составляет **1,650 млрд. тенге**
- Фондом согласовано предоставление реструктуризации по проектам гарантирования по **2 010 проектам,** на сумму кредитов **58,5 млрд. тенге,** сумма гарантий **26,3 млрд. тенге.**
- По субсидированию поддержано **245 новых проектов** на сумму кредитов **35,4 млрд. тенге.**
- Фондом согласовано предоставление реструктуризации по **1603 проектам** субсидирования на сумму **121,9 млрд. тенге.**

Также для реализации данных мер и оптимизации/ускорения процесса принятия решений, перешел на упрощенный процесс рассмотрения заявок по реструктуризации проектов. На сегодняшний день, принимаются единовременные решения по внесению изменений в действующие условия финансирования проектов в рамках государственных программ по инструментам субсидирования и гарантирования.

По инструменту субсидирования в рамках госпрограммы **«Дорожная карта бизнеса-2025»** срок рассмотрения заявок по реструктуризации сокращен с 5-ти до 1-го рабочего дня. После завершения периода ЧП, кредитным организациям необходимо будет предоставить пул дополнительных соглашений к договорам субсидирования по заемщикам, у которых прошла реструктуризация.

По инструменту гарантирования срок рассмотрения заявок по реструктуризации также сокращен с пяти дней и осуществляется в течении 6-ти рабочих часов, без анализа финансовой отчётности предпринимателей, без составления мониторинговых отчетов и без рассмотрения их на Уполномоченном органе Фонда «Даму». За указанное время проводится сбор и формирование заявки, рассмотрение и согласование условий реструктуризации, а также направляется письмо в БВУ о согласовании реструктуризации.

В период карантина количество обращений в Call-центр на номер 1408 и на сайт Фонда увеличилось на **50%**. Всего с начала года в Call-центр поступило порядка **16 тыс. звонков** и **13,4 тыс. обращений на сайт,** из них **9,4 тыс. обращений и звонков во время карантина**. В большинстве случаев, предприниматели интересуются антикризисными мерами по поддержке МСБ в условиях чрезвычайного положения.

В региональных филиалах Фонда менеджерами оказывается комплексная поддержка предпринимателей в сопровождении их проектов до одобрения в БВУ или финансовых организациях посредством электронных порталов **online.damu.kz и egov.kz.**

Все меры господдержки Фонд развития предпринимательства «Даму» продолжает оказывать в полном объеме.

**Источник:** https://kapital.kz/business/86347/fond-damu-za-mesyats-v-period-deystviya-chp-podderzhal-boleye-3-900-proyektov.html



# АЛМАТЫ БИЗНЕС

## А Й М А Қ Т Ы Қ Б А Ғ Д А Р Л А М А С Ы

**НОМИНАЛ ПАЙЫЗЫ**

**7%**



**КІМГЕ АРНАЛҒАН**

Қосымшада* көрсетілген экономиканың басымдық берілген салаларында қызмет көрсететін, Алматы қаласында тіркеліп, жұмыс істеп жатқан ШОКС

**БІР ШОКС АЛАТЫН МАКСИМАЛ СОМА**

**180 МЛН ТГ**

**ДЕЙІН**

**НЕСИЕЛЕУ МЕРЗІМІ**

- инвестиция үшін 84 айға дейін
- айналым қаражатын толықтыруға 36 айға дейін

**ҚАРЫЗДЫ ЖҰМСАУ МАҚСАТЫ**

- инвестиция
- айналым қаражатын толықтыру

**НЕГІЗГІ ҚАРЫЗДЫ ТӨЛЕУДЕГІ ЖЕҢІЛДІКТІ КЕЗЕҢ**

24 айға дейін

**ВАЛЮТА**

теңге

Басқа шарттарды әріптес банктер белгілейді

*Басымдық берілген салалар тізіміне сілтеме (қосымша): https://online.damu.kz/ru/public/announces/show/134/

# КАЗАЗОТ

## АММИАК ПЕН АММИАК СЕЛИТРАСЫН ӨНДІРІП, ЭКСПОРТТАЙТЫН ОТАНДЫҚКОМПАНИЯ

«ҚазАзот» АҚ Қазақстандағы аммиак пен аммиак селитрасын өндіретін жалғыз компания. Кәсіпорын отандық экономиканың азотты минералды тыңайтқыштарға деген сұранысын толық қанағаттандыра алады.

Кәсіпорынның негізгі мақсаты – тұтынушыларды арзан әрі жоғары сапалы минерал тыңайтқыштармен қамтамасыз ету, әрі тұрақты өндірісті қолдау. Аммиак өндірісіндегі негізгі шикізат – табиғи газды «ҚазАзот» АҚ өзінің «Шағырлы-Шөмішті» кен орнынан алады. Қазір ішкі нарыққа өнімнің 60%-ы жеткізіледі. Дайын өнім ел аумағымен қатар, алыс-жақын шет елдерге де сатылады. Негізгі импорттаушылар: Түркіменстан, Украина, Грузия, Әзірбайжан, Балтық елдері, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан, Болгария, Америка Құрама Штаттары және т.б. Түйіршіктелген аммиак селитрасы мен сұйық аммиак тұтынушыларға темір жол және теңіз арқылы жөнелтіледі.

Кәсіпорын аумағында аммиак, азот қышқылы, химиялық реагенттер, жанар-жағар май материалдары қоймалары және сыйымдылығы 10 000 т болатын дайын өнімдер қоймасы, сондай-ақ материалдарды, қосалқы бөлшектерді және ТМЦ сақтау орындары бар. Жалпы сыйымдылығы 4 000 т болатын 100 дана темір жол цистерналарына да ие.

Аммиак пен аммиак селитрасы өндірісін тұрақты деңгейде ұстау үшін ҚазАзот компаниясы «Банк ЦентрКредит» АҚ арқылы «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында, жылына 14,95%-бен 60 ай мерзімге несие алды. Оның 8,95%-ы мемлекеттік бағдарлама аясында субсидияланы. Кәсіпкер айырмасын, яғни 6% мөлшерлемемен өтейді.

## МЕКЕНЖАЙЫ:

Ақтау қ. 21 ш / а
**Тел:** 8 (7292) 579-887
**Электронды пошта:** kazazot@kazazot.kz
**Сайт:** http://www.kazazot.kz














# ЖАС КЕЛСЕ - ІСКЕ!

**Автор статьи:**
Досмамбетова Ғалия Ақылбекқызы
Қызылорда облыстық АФ
Клиенттермен жұмыс жөніндегі
Бас менеджері.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бір сөзінде: «барша мемлекеттік органдар алдында тұрға міндет – жастардың іске араласып, өзін көрсетіп, дамуына жағдай жасау» деген болатын.

Соңғы жылдары Қазақстанда жастардың белсенділігі артып келеді. Әсіресе тәуелсіз ел өрендерінің еркін, жаңаша ойлай алатын, дарынды екендігі көңіл қуантады. Жаһандану дәуіріндегі сандық технологиялар дамыған кезеңнің артықтылығы - кез келген ақпарат қол жетімді. Соның арқасында білімге жол кеңінен ашылып, біліктілік шыңдауда таптырмас мүмкіндіктер мол.

Осы себепті жастарға елдегі бәзнес-климатты оңалтуға жол ашық. Жас та жігерлі бизнесмендер -уақыт талабы, мемлекет экономикасының дамуындағы қозғалтқыш күш болмақ. Тек дұрыс бағыттап, дер кезінде демеу көрсете білу ғана керек.




**Жастар кәсіпкерлігі** - Қазақстандағы шағын және орта кәсіпкерлік дамуындағы маңызды бағыттардың бірі. Сол себепті бүгінгі күні жастар кәсіпкерлігін қолдауға бағытталған бірқатар бағдарламалар қолға алынған. Ендеше елдегі кәсіпкерлікті қолдаудың жалпы инфрақұрылымына не кіретінін еске сала кетсек: Кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымы - жеке кәсіпкерлік қызметті құрудың, жұмыс істеуінің және дамытудың қолайлы жағдайларын қамтамасыз ететін кешенді шараларды білдіреді.

**Қазақстанда бұл тізімге:**
- мемлекеттік және мемлекеттің бастамасы бойынша құрылған ұйымдар;
- бейүкіметтік ұйымдар;



- коммерциялық ұйымдар кіреді.

**Функционалдық бағытына байланысты инфрақұрылым институттарының құрылымы былайша айқындалады:**
- бизнестің қалыптасу, жұмыс істеу және даму кезеңдерінде мемлекеттік қолдау және жәрдемдесу;
- қаржылай қолдау;
- ақпараттық-талдау қолдауы;
- білім беру мен кадрлардың біліктілігін көтеру;
- материалды-техникалық қолдау.

Ерекше атап өтетіні – былтыр Қазақстанда «Жастар жылы» жарияланды. ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 30 қаңтардағы № 27 қаулысымен Жастар жылын өткізу бойынша Жол картасы бекітілді.

**Осы Жол картасында жастар кәсіпкерлігін қолдау тақырыбына іс-шаралардың тұтас бөлігі белгіленді. Атап айтқанда:**
**1.** Жастар кәсіпкерлігін дамыту бойынша «Жас Кәсіпкер» жобасын қамтитын «Жастар - ел тірегі» ұлттық жобасын әзірлеу.
**2.** «Бастау Бизнес» жобасы шеңберінде жастарды кәсіпкерлік негіздеріне оқыту. Жобаның мерзімі 2019-2021 жылдар, республикалық бюджеттен 4 500 000 мың теңге бөлінді.
**3.** ЖОО және ТжКБ студенттерін кәсіпкерлік негіздеріне оқыту, жоба мерзімі 2019-2021 жылдар.
**4.** «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында аясында жас кәсіпкерлер үшін мемлекеттік гранттар беру, іске асыру мерзімі: 2019 - 2021 жылдар, 1 800 000 мың теңге бюджет қаражаты бөлінді.
**5.** Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 - 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында жаңа бизнес идеяларды іске асыру үшін жастарға мемлекеттік гранттар беру. Іске асыру мерзімі: 2019 - 2021 жылдар. 14 392 500 мың теңге бөлінді.
**6.** Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 - 2021 жылдарға арналған «Еңбек» Мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде қала және ауыл жастарына шағын кредит беру, іске асыру мерзімі 2019 - 2021 жылдар, 162 210 393 мың теңге бюджеттен қаражат бөлінеді.

Сонымен қатар, жастар «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры ұсынатын қаржылай емес қолдау құралдарын да пайдалана алады. Атап айтқанда EDU.DAMU.KZ платформасында кәсіпкерлік негіздерін онлайн оқып, сертификат алуға мүмкіндік бар. Қордың www.damu.kz ресми сайтында және Фейсбук пен Инстаграммдағы парақшаларында «Даму» ККҚ қолдаған кәсіпкерлер туралы табыс тарихы ұдайы жарияланып отырады. Ондағы әр оқиға жастарды іс ашуға шабыттандырып, тәжірибе алуға жетелейді. Егер осы арқылы іс ашпақ болып ниеттенген жас болса Қор сайтында ілінген типтік бизнес-жоспарларды қарап, үлгі ете отырып өзінің бизнес-жоспарын жасауына мүмкіндік бар. Ал бизнес жоспар жасауға тегін қолғабыс керек болған жағдайда «Атамекен» ҰКП көмектеседі. Бизнес жоспар дайын болғанда қаржылай қолдау іздеуге кірісу ойында болса мемлекеттік гранттар байқауы («Атамекен» ҰКП, облыстық әкімдіктер), қала және ауыл жастарын микронесиемен қамту (ҚР Ұлттық экономика министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, облыстардың әкімдіктері) бағдарламаларында бақ сынауға болады. Мысалы, Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде несие бойынша сыйақы мөлшерлемесі бар болғаны 6%-ды құрайды және бұл қазіргі кездегі өте ыңғайлы мөлшерлеме. Ал несие алуға бел буған жастарға кепілдік қажет болады. Бұл жағдайда «Еңбек» бағдарламасы аясында жас кәсіпкер «Даму» қорынан несие сомасының 85%-на дейін кепілдік (кепіл) ала алады.

Өз ісін ашқан соң біраз уақыттан соң жас кәсіпкер бизнесін дамытуға да мемлекеттен қолдау ала алады. Бұл кезеңде жоғарыда аталған институттармен қоса Екінші деңгейлі банктер көмекке келеді. «Даму» Қоры ЕДБ арқылы көп жылдан бері бизнесті жеңілдікпен қаржыландыруға арналған бағдарламаларды жүзеге асырып келеді. Олардың ішінде ең көп сұранысқа ие - «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы, Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы, Аймақтық бағдарламалар (Қызылорда облысында «Даму-Сырдария»), Басымдық берілген жобалаларды қолдауға арналған «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы. ЕДБ арқылы қаржы алу үшін жас кәсіпкер бірқатар сараптамадан өтуі керек. Оның ішінде бизнестің кірістілігі, кепілзаттың болуы басты назарға алынады. Кепілдік жетіспеген жағдайда кәсіпкер «Даму» Қорынан несие сомасының 85%-на дейінгі мөлшерде кепілдік ала алады.

Қызылорда өңірінде Жастар кәсіпкерлігі бойынша барлық сұрақтарға аймақтық филиал қызметкерлері толық түсінік бере алады.

**Мекенжай:**
Қызылорда қаласы, Жұрба көшесі 12,
телефон 55-11-12



## ЗАМИРА СЕЙІТҚАЛИҚЫЗЫ ОРАЗБАЕВА

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Қостанай аймақтық филиалының директоры

Халықаралық жобалаларда, консалтинг компаниялар, несие ұйымдарында жұмыс істеген. Басшылық қызметте 20 жылдан астам тәжірибесі бар.

**АЛДЫМЕН ДӘСТҮРЛІ СҰРАҚ. ДАМУ ҚОРЫНА ЖҰМЫСҚА АЛҒАШ КЕЛГЕН КҮНІҢІЗ ЕСІҢІЗДЕ МЕ?**

«Даму» кәсіпкерлікті қолдау қорына» 2002 жылдың мамыр айында келдім. Шынымды айтсам сол уақытқа дейін мұндай Қор барын білген емеспін. Алғашқы жұмыс күнім қалай өткені тіпті есімде жоқ. Себебі келе сала қыруар шаруаға бел шеше кірісіп кеттім. Маған артылған жауапкершілік оңай болған жоқ. Маған 5 күн ішінде өңірлік филиалды әділет органдарында тіркеп, кеңсеге жарамды жер тауып, оны жалға алу шартын жасау тапсырылды. Мұнымен қатар, осы филиалда жұмыс істейтін мамандар тауып, олардың біліктілігін сынап, тексеріп, жұмысқа алу, сөйтіп команда жасақтау міндеті тұрды.

**ҚОРДАҒЫ 20 ЖЫЛ СІЗГЕ НЕ БЕРДІ? ЖҰМЫСЫҢЫЗДАҒЫ ЖЕТІСТІК ДЕП НЕНІ АТАР ЕДІҢІЗ?**

Мен Даму Қорында жұмыс істеген жылдарымда көптеген тамаша адардармен, мамандармен істес болдым. Осы жердегі қызметім арқылы көптеген кәсіпкерлерге көмек көрсете алдым. Даму Қоры мен үшін джекпот болды деп айтсам артық емес.

**МАМАН РЕТІНДЕГІ БАСТАН ӨТКЕРГЕН МАҢЫЗДЫ НЕМЕСЕ ҚЫЗЫҚТЫ, ЕСТЕ ҚАЛАР КҮНДЕРІҢІЗ ҚАНДАЙ?**

Мен үшін өз мамандығым, кәсібіме байланысты есте қалар күндер деп адамдардың жетістігін айтар едім. Әсіресе кәсіпкерлердің бақытты жүзін, филиал қызметкерлерінің риза кейпін көру. Одан артық қандай маңызды шаруа болуы мүмкін?!

**ӘУ БАСТАҒЫ БАЛА АРМАНЫҢЫЗ ҚАНДАЙ ЕДІ?**

Мен балалық арманымды айтсам бәлкім, күлерсіз. Тіпті ондай арман басыма қалай келгенін де түсінбеймін. Бірақ ес білгелі мен өзімді дипломатиялық қызмет саласында елестететінмін. Дипломат болғым келетін. Тіпті ең аз дегенде сыртқы істер министрлігінің кадр бөлімінің бастығы боламын деп ойлайтынмын. Осы бала арманыма қазір күлкім келеді.

**ЖҰМЫСЫҢЫЗДЫ МАҢЫЗДЫ ДЕП ОЙЛАЙСЫЗ БА? СІЗГЕ ҚОР НЕ БЕРДІ?**

Бұл қордағы жұмысым менің мүмкіндіктерімді ұштауға сеп болды. Мен өз жұмысымның адамдарға керек екенін, оларға үлкен қолдау болып, жетістікке жетуіне титтей болса да үлесім болатынына қуанамын. Әсіресе – нәтиже маңызды. Істеген ісіңнен жақсы нәтиже шығып, өзің де, кәсіпкер де риза болған кезде кеудемді бір мақтаныш пен ризашылық сезімі билейді.

**ЖАСТАРҒА ҚАНДАЙ КЕҢЕС АЙТАР ЕДІҢІЗ?**

Жастарға қорықтау керектігін айқым келеді. Қателік жасаудан қорықпау керек. Бұл – бірдеңе үйренсем, білсем деген адам үшін өте қалыпты жағдай. Сосын, ең маңыздысы – ар-ұжданды биік қойыңыздар.

РАХМЕТ!







# ЕУРОПА ТЕХНОЛОГИЯСЫ БОЙЫНША ЖАСАЛАТЫН ЖОҒАРЫ САПАЛЫ ШЫНЫ ЫДЫСТАР

«ЕвроКристалл» зауыты - алкогольді және алкогольсіз сусындар, шырындар мен сүт, дәрі-дәрмек өндірушілер үшін көлемі 150 мл-ден 3 литрге дейінгі түрлі формада жоғары сапалы шыны ыдыс шығаратын жаңа зауыт. Өнім экологиялық таза, берік және әсем етіп жасалады. Тапсырыс берушілер ішінде Қазақстан мен Қырғызстанның кәсіпорындары бар.

Шыны ыдыс шығаратын зауыт 2014 жылы Шымкент қаласындағы «Оңтүстік» индустриалды аумағында жұмыс істей бастады. Ол кезде жылына 70 млн шөлмек шығара алатын зауыттың бірінші кезегі іске қосылған. 2016 жылы өндірістің екінші кезегі іске қосылды.

Зауытта әлемнің маңдайалды өндірушілерінің (Германия, Қытай-Швейцария) жабдықтары орнатылып, технология толық автоматтандырылған. Автоматты инспекция машиналары өнім ақауын өзі анықтап, өндіріске қайтарып отырады.

Зауытта бастапқы материалдарды өңдеуден бастап тұтынушыларға дайын ыдысты жеткізуге дейінгі толық цикл бар. Өндіріс процесін шартты түрде бірнеше кезеңге бөлуге болады. Яғни: бастапқы шикізатты дайындау, шихта жасау, шыны қайнату, бөтелкелер мен банкаларды қалыптау және күйдіру, сапаны бақылау.

«Бизнестің жол картасы-2020» мемлекеттік бағдарламасына қатысудың арқасында компания «Bank RBK» АҚ арқылы шыны ыдыстар өндіру үшін жабдықтар сатып алу және ғимарат салу үшін жылына 16%-бен қаражат алды. Оның 7%-ын «Даму» Қоры субсидиялайды.

Зауыт Қазақстандағы банка шығаратын ең ірі кәсіпорын. «ЕвроКристалл» ЖШС бас директоры Рустам Суховтың айтуынша, болашақта декорациялау, коутинг және мультитүсте бояу бойынша қосымша өндірісті іске қосуды жоспарлануда. Бұл негізінен Ресей, Қытай және Еуропа елдерінен әкелінетін әйнектердің орнын басуға мүмкіндік береді.









## «ДАМУ» ҚОРЫ МЕН БҰҰ ДБ ЖАҢАРТЫЛАТЫН ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІ БОЙЫНША ЖАҢА КЕЛІСІМГЕ ҚОЛ ҚОЙДЫ

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ пен БҰҰ Даму бағдарламасы (БҰҰДБ) Қазақстанда ЖЭК жобалары (жаңартылатын энергия көздері) дамуына ықпал етуге және ынталандыруға бағытталған «ЖЭК жобаларына инвестиция салу тәуекелдерін азайту» жобасы аясында жаңа келісімге қол қойды.

**Осы Келісім аясында кәсіпкерлік субъектілеріне ЖЭК жобаларын іске асыруға қаржылай қолдау көрсетуге арналған механизмдер:**

- БҰҰДБ жобаның несие бойынша сыйақы мөлшерлемесінің 10 пайызын субсидиялайды;
- БҰҰДБ жобаның негізгі несие бөлігінің 25 пайызына дейін субсидиялайды;
- ЖЭК жобаларын қаржыландыру мақсатында Қор «жасыл» облигациялар шығарады.

Жоғарыда көрсетілген механизмдердің бірін жүзеге асыру мақсатында бүгінгі күні «Даму» Қоры «Астана» халықаралық қаржы орталығының биржасында «жасыл» облигациялар шығару мүмкіндігін қарастыруда.

**«Экологиялық мәселелерді шешуге бірқатар мемлекеттік саясат, стратегиялар мен бағдарламалар бағытталған. «Даму» қоры мемлекеттік қаржы институты ретінде өзінің тұрақты даму саясаты аясында «жасыл» қаржыландыру стратегиясын жүзеге асыруға қолдау көрсетуге дайын. БҰҰДБ-мен табысты ынтымақтастық ШОК субъектілері арасында ЖЭК жобаларына инвестиция салуды ынталандыруға бағытталған шараларға жаңа серпін береді және біздің алдымызға мемлекет қойған міндеттерді тиімді шешуге қол жеткізуге көмектеседі деп үміттенеміз» - дейді «Даму» Қорының Басқарма төрайымы Гаухар Бурибаева.**

Айта кету керек, бұл – «Даму» Қоры мен БҰҰДБ арасындағы алғашқы келісім емес. Естеріңізге сала кетейік, 2017 жылдың тамыз айында Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің қатысуымен «Даму» Қоры БҰҰДБ «Қазақстандағы Төмен көміртекті дамуға арналған тұрақты қалалар» жобасы аясында атмосфераға $CO_2$ парниктік газдарының таралуын азайтуға бағытталған бизнес-бастамаларды қаржылай қолдау моделін іске қосты.

**«Даму» Қорымен бірлесіп қазірдің өзінде 10 миллион доллардан астам сомаға тұрғын үйлердің энергия тиімділігі саласында 37 жасыл жобаны қолдадық. Алдыңғы табысты тәжірибеге сүйене отырып, біз жасыл жобаларды қаржылық қолдаудың тағы бір бірлескен тетігін іске қосамыз – бұл жолы жаңартылатын энергия көздері саласы болмақ. Біз бұл қолдау шарасы күн, жел станцияларын және ЖЭК-тің басқа технологияларын орнатқан жеке компаниялардың үлесін арттырады деп үміттенеміз»,-дейді БҰҰДБ ҚР Тұрақты даму департаментінің басшысы Арман Кашкинбеков.**





## «ДАМУ» И БАНК «AL HILAL» ЗАКЛЮЧИЛИ ПЕРВУЮ СДЕЛКУ НА ПРИНЦИПАХ ИСЛАМСКОГО ФИНАНСИРОВАНИЯ

АО «Фонд развития предпринимательства «Даму» впервые в Казахстане заключило соглашение с АО «Исламский Банк «Al Hilal» в размере 7,5 миллиарда тенге для развития малого и среднего бизнеса (МСБ), сообщает zakon.kz.

**Средства Фонда «Даму» были предоставлены на 7 лет с целью финансирования сегмента малого и среднего бизнеса через инструменты исламского финансирования. Сделка между Фондом «Даму» и Исламским банком «Al Hilal» осуществлена путем использования одного из инструментов исламского финансирования - договора Мурабаха.**

Таким образом, финансирование через Исламский банк «Al Hilal» на развитие смогут получить субъекты малого и среднего предпринимательства, деятельность которых соответствует принципам Шариата и требованиям госпрограммы финансирования.

Как отметила Председатель Правления Фонда «Даму» Гаухар Бурибаева: «Данная сделка является дебютной сделкой на территории Казахстана по предоставлению Фондом "Даму" льготного фондирования локального исламского банка на принципах исламского финансирования и придаст дополнительный импульс развитию исламских финансов в Казахстане. Благодаря этому, Фонд «Даму» и Исламский банк «Al Hilal» расширили инструменты господдержки для развития МСБ в стране. Фонд «Даму» в дальнейшем также намерен развивать направление исламского финансирования, как одного из альтернативных источников льготного долгосрочного финансирования с целью поддержки малого и среднего бизнеса».

**Для малого и среднего бизнеса в нынешних условиях финансирование является крайне необходимым, и данная сделка очень своевременна. Мы уверены, что это позволит МСБ преодолеть кризисный период и будет способствовать устойчивому развитию страны, - подчеркнул Председатель Правления АО «Исламский Банк «Al Hilal»** Гордон Хаскинс.

АО «Исламский Банк «Al Hilal» является первым исламским банком в Казахстане и СНГ Банк создан в 2010 году по соглашению Правительств Республики Казахстан и ОАЭ с целью предоставления банковских продуктов и услуг в соответствии с правилами и принципами Шариата. В мае 2019 года Банк стал частью одной из крупнейших банковских групп в ОАЭ - группы ADCB (Abu Dhabi Commercial Bank). Группа ADCB публично листингуется на фондовой бирже Абу-Даби и имеет кредитный рейтинг инвестиционного уровня A+ от Fitch Ratings и A от Standard & Poor's.




**Источник:** https://www.zakon.kz/5016296-damu-i-bank-al-hilal-zaklyuchili.html



# АҚТӨБЕЛІК КӘСІПКЕРЛЕР NETHOUSE ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ІСКЕ ҚОСТЫ

Кәсіпкер Серікбаева Роза жұбайы Болат Отарбаевпен бірге көптен күткен арманына қол жеткізді. Жұбайлар NetHouse торшасы астында көкөніс өсіретін өте тиімді желі құрды. Болат Отарбаевтың айтуынша, фермерлер үшін маңызды мәселе - сапалы және экологиялық таза көкөніс өсіру. Испания, Израильде кеңінен қолданылатын бұл NetHouse технологиясының басты ерекшелігі – күн сәулесін жақсы өткізіп, табиғи желдетіп тұратын, ауа-райының қолайсыз әсерінен және жәндіктерден қорғайтын торшасында.

Нәтижесінде өсімдіктерді қорғау мақсатында химия қолданудың қажеті жоқ. Мысалы, Израильде өсімдік шаруашылығы өнімдерінің жартысынан көбі осындай технологиямен өсіріледі. Кәсіпкер өз аймағында дәл осы Израиль тәжірибесін қолданып өсімдік өсіруге кірісті

Кәсіпкердің айтуынша, әдеттегі 10 гектар ашық алқаптан жинайтын өнімді NetHouse технологиясымен жабық жерде бір гектар жерден-ақ алуға болады. Тамшылатып суару әдісі суды орасан мол үнемдеуге мүмкіндік береді.



Ерлі-зайыптылар жылыжай бизнесімен 2014 жылдан бастап айналысады. NetHouse идеясын жүзеге асыруды жылдар бойы жоспарлап, ақпараттар іздеп, ұзақ зерттеді. Жүзеге асыруға 2019 жылы «Даму» Қорының арқасында қол жеткізді. Жобаны «АТФБанк» АҚ қаржыландырып, кәсіпкер «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы бойынша несиенің сыйақы мөлшерлемесін субсидиялады.
Күзде кәсіпкерлер кешенді кеңейтіп, алғашқы жылы жіберген кателіктерін ескере отырып, бірқатар өзгерістер енгізбекші. Болашақта - «органика» стандартына сәйкес келетін өнім өсіріп, көкөністерді жоғары бағада экспорттауға мүмкіндік беретін сертификат алуды көздеп отыр.

+7 701 5114508;
otar59@bk.ru









# РАЗМЕЩЕНИЕ ДЕНЕГ

за 2 квартал

- Финансирование субъектов малого и среднего частного предпринимательства на принципах исламского финансирования

**АО «ИСЛАМСКИЙ БАНК «AL HILAL»** **7 499 999 999 ТГ**

- Точечная региональная программа

**АО «FORTEBANK»** **1 000 000 000 ТГ**

**АО ДБ «АЛЬФА-БАНК»** **2 000 000 000 ТГ**

**ДБ АО «СБЕРБАНК»** **700 000 000 ТГ**

**ДБ АО «СБЕРБАНК»** **2 000 000 000 ТГ**

- Финансирование лизинговых сделок

**АО «ЛИЗИНГ ГРУПП»** **234 500 000 ТГ**

- Программа Микрокредитование (Даму-Микро)

**МФО «АРНУР КРЕДИТ»** **500 000 000 ТГ**

**МФО «ТОЙОТА ФАЙНАНШЛ СЕРВИСЕЗ КАЗАХСТАН»** **1 000 000 000 ТГ**

- Даму-Регионы 3

**ДБ АО «СБЕРБАНК»** **5 000 000 000 ТГ**





## ПО ПРОГРАММАМ ЛЬГОТНОГО КРЕДИТОВАНИЯ ЧЕРЕЗ БВУ, МФО, ЛК ПРОФИНАНСИРОВАНО ПО СОСТОЯНИЮ НА 01.06.2020 ГОДА 4 672 ЗАЕМЩИКА НА СУММУ 81,6 МЛРД.ТЕНГЕ.

1. Программа финансирования региональных приоритетных проектов субъектов малого и среднего предпринимательства **«Даму регионы III»**

**206 ПРОЕКТОВ** — на сумму кредитов **11 788 000 000 тг**

2. Программа поддержки субъектов малого и среднего предпринимательства, занятых в сфере обрабатывающей промышленности (1,2,3 транши)

**315 ПРОЕКТОВ** — на сумму кредитов **39 264 000 000 тг**

3. Государственная программа развития продуктивной занятости и массового предпринимательства на 2017 – 2021 годы **«Еңбек»**

**592 ПРОЕКТА** — на сумму кредитов **8 679 000 000 тг**

4. Программа финансирования **СМСП ЕБРР**

**109 ПРОЕКТОВ** — на сумму кредитов **5 355 000 000 тг**

5. Программа финансирования **лизинговых сделок СМСП**

**11 ПРОЕКТОВ** — на сумму кредитов **314 000 000 тг**

6. Программа финансирования **СМСП АБР (IV -транш)**

**3 259 ПРОЕКТОВ** — на сумму кредитов **10 433 000 000 тг**

7. Программа регионального финансирования субъектов малого и среднего предпринимательства **(Точечная региональная программа)**

**155 ПРОЕКТОВ** — на сумму кредитов **5 083 000 000 тг**

8. Финансирование субъектов микро и малого предпринимательства в **микрофинансовых организациях**

**63 ПРОЕКТА** — на сумму кредитов **729 000 000 тг**

**Итого:** Кол-во заемщиков **4 672,** Сумма кредита **81 645 000 000 тг**

По результатам 1-го полугодия 2020 года ожидается общий объем финансирования заемщиков через программы льготного финансирования на сумму ориентировочно в размере **90 млрд. тенге.**

# ГАРАНТИРОВАНИЕ ЗА 2 КВАРТАЛ 2020 ГОДА

**01** Государственная программа поддержки и развития бизнеса **«Дорожная карта бизнеса – 2025»**

**428** ПРОЕКТОВ

на сумму кредитов
**27 744 099 212 тг**

на сумму гарантий
**8 043 030 471 тг**

**02** Программа **«Экономика простых вещей»** (Механизм кредитования приоритетных проектов)

**31** ПРОЕКТ

на сумму кредитов
**7 030 378 000 тг**

на сумму гарантий
**2 967 560 270 тг**

**03** Государственная программа развития продуктивной занятости и массового предпринимательства на 2017 – 2021 годы **«Еңбек»**

**67** ПРОЕКТОВ

на сумму кредитов
**821 558 548 тг**

на сумму гарантий
**377 583 917 тг**

**04** Программа **«Даму-Оптима»**

**19** ПРОЕКТОВ

на сумму кредитов
**1 311 102 323 тг**

на сумму гарантий
**526 901 161 тг**



# СУБСИДИРОВАНИЕ ЗА 2 КВАРТАЛ 2020 ГОДА

**01** Государственная программа поддержки и развития бизнеса **«Дорожная карта бизнеса – 2025»**

**371** ПРОЕКТ

на сумму кредитов
**28 800 000 000 тг**

выплачено субсидий
**4 800 000 000 тг**

**02** Программа **«Экономика простых вещей»** (Механизм кредитования приоритетных проектов)

**83** ПРОЕКТА

на сумму кредитов
**15 900 000 000 тг**

выплачено субсидий
**1 350 000 000 тг**

**03** «Устойчивые города для низкоуглеродного развития» **(совместная программа с ПРООН)**

**3** ПРОЕКТА

на сумму кредитов
**230 000 000 тг**

выплачено субсидий
**34 000 000 тг**

**04** Программа жилищного строительства **«Нұрлы Жер»**

**11** ПРОЕКТОВ

на сумму кредитов
**8 400 000 000 тг**

выплачено субсидий
**880 000 000 тг**